

Көтерме және бөлшек сауда саласындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 120 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 3 маусымда № 9480 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 423 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.06.2015 № 423 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 138-4–бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Көтерме және бөлшек сауда саласындағы салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Т.М. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 120 бұйрығымен
бекітілді

Көтерме және бөлшек сауда саласындағы салалық біліктілік шеңбері

1. Жалпы ережелер

1. Көтерме және бөлшек сауда саласындағы салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - Салалық біліктілік шеңбері) – саланың еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

2. Экономикалық қызмет түрінің негізгі мақсаты: нарықты талдау, тауарлар мен қызметтерді жылжыту және өткізу.

3. Салалық біліктілік шеңбері біліктіліктердің салааралық салыстырмалылығын қамтамасыз ете отырып, салалық біліктілік шеңберін, кәсіби стандарттарды әзірлеу үшін бірыңғай шәкілді айқындайды және мамандар біліктілігінің сәйкестігін растау және оны беру жүйесі үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

4. Салалық біліктілік шеңбері әртүрлі сауда саласын пайдаланушылар тобына (жұмыс берушілерге, білім беру органдарына, қызметкерлерге) арналған және:

1) кәсіби және білім беру стандарттарын әзірлеу кезінде қызметкерлер мен білім беру ұйымдарын бітірушілердің біліктілігіне қойылатын талаптарды бірыңғай көзқараста сипаттауға;

2) қызметкерлер мен кәсіби білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу бітірушілердің біліктілігін бағалау материалдары мен айқындау рәсімін әзірлеуге ;

3) нақты біліктілікті алуға, біліктілік деңгейін арттыруға, мансаптық өсуге әкелетін білім берудің әртүрлі траекториясын жоспарлауға мүмкіндік береді.

5. Салалық біліктілік шеңбері Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес келетін сегіз біліктілік деңгейінен тұрады.

6. Салалық біліктілік шеңберінде нәтижелердің жиынтық сипаттамасы келтіріледі, нақтылау кәсіби стандарттарында жүзеге асырылады.

7. Салалық біліктілік шеңберінде қолданылатын негізгі терминдер мен ұ ғ ы м д а р :

1) білік – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

2) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс істеу саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, бағалануға ұшырайтын біліктілік құрамдаушы;

3) дағды – оқыту немесе белгілі бір зерттеулер, жұмыстар жүргізу арқылы

дамитын қасиет және жұмыс орнында, сол сияқты күнделікті тіршілікте белгілі бір зияткерлік немесе дене іс-қимылдарын орындау қабілетін сипаттайды;

4) қабілеттілік – қызметтің белгілі бір түрін табысты жүзеге асырудың объективті шарты болып табылатын тұлғаның жеке басының ерекшелігі;

5) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

6) құзыреттілік – белгілі бір біліктілік деңгейіндегі кәсіби қызметтің міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін қызмет субъектісінің сапасы;

7) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілуі және тиімді пайдаланылуы мүмкін білім мен білік;

8) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық сипаттама;

8. Салалық біліктілік шеңбері саланың кәсіби қызметінің әрбір саласы үшін Ұлттық біліктілік шеңбері мен саланы дамыту стратегиясының негізінде жасалған.

9. Саланың кәсіби қызметі саласына:

сауда қызметі, саудадағы логистика, тауартану, материалдық техникалық жабдықтау және өткізу, сауда-делдалдық қызмет саласындағы процестерді ұйымдастыру, басқару және жобалау;

көтерме сауда кәсіпорындары мен бөлшек сауда желісінің жағдайын талдау және оларды дамытуды жоспарлау;

сауда кәсіпорындарын сауда-технологиялық (механикалық емес, салмақ өлшеу, тоңазыту және бақылау-кассалық) жабдықпен жарақтандыруды ұйымдастыру;

дүкендерді және олардың сауда үй-жайларын технологиялық жоспарлау;

сауда кәсіпорындарының жеткізушілермен және тұтынушылармен шаруашылық байланысын ұйымдастыру, тұтынушылардың белгілі бір нарық сегменттеріндегі талаптарын ескере отырып, сұранысты зерттеу және болжау;

тауар қозғалысын басқару, оның есебін жүргізу және оңтайландыру, тауарлар шығындарын, материалдық және еңбек ресурстарының шығындарын азайту;

тауарлар мен қызметтердің ассортиментін және сапасын басқару;

сауда кәсіпорындарындағы тауар қорларын басқару: тауар қорларының нормативтерін әзірлеу, тауар қорларын бақылауды ұйымдастыру, оларды реттеу шаралары;

саудадағы тауарларды қабылдауды, сауда залында тауарларды орналастыруды және қоюды ұйымдастыру, тауарларды сақтау процестерін реттеу, түгендеу жүргізу және шығындарды есептен шығару, тауарларды сатудың технологиялық операциялары;

саудадағы жарнама қызметін ұйымдастыру, оның тиімділігін арттыру.

10. Салалық біліктілік шеңбері осы Салалық біліктілік шеңберінің қосымшасына сәйкес құрылым бойынша ресімделген шеңберлік құрылым болып табылады.

11. Салалық біліктілік шеңберінде біліктілік деңгейлерін әзірлеудің негізгі қағидаты біліктілік деңгейлерінің төменнен жоғарыға қарай дамуының үздіксіздігі мен сабақтастығы, оларды сипаттау ашықтығы болып табылады.

12. Біліктілік белгілі бір білім беру бағдарламасын және практикалық тәжірибені игерудің нәтижесі болып табылады.

13. Біліктілікті арттыру немесе оның бейінін өзгерту үшін әрбір деңгейде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінің қосымша білім беру бағдарламалары бойынша тиісті лицензиялары бар ұйымдарда оқыту қажет.

14. Біліктілік деңгейі іс жүзінде жұмыс тәжірибесін меңгеруіне, өз бетінше білім алуына және оқуына қарай өсуі мүмкін.

Білім беру мен оқытудың әртүрлі нысандарын есепке алу салалық біліктілік жүйесінің ішінде жүргізілетін болады.

Жеке білім беру траекториясын құру қызметкердің білімі мен практикалық тәжірибесін, біліктілікті арттыру курстарын ескеру арқылы жүзеге асырылады, бұл барлық біліктілік деңгейлері бойынша ілгері жылжуға мүмкіндік береді.

2. Салалық біліктілік шеңберінің паспорты

1. Экономикалық қызмет саласы: көтерме және бөлшек сауда.

2. Кәсіби қызмет саласы ҚР МЖ 03-2007: «46 – автомобильдер мен мотоциклдерді қоспағанда, көтерме сауда», «47 – автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, бөлшек сауда».

3. Еңбек қызметінің түрлері:
тауарларға сұранысты және олардың нарықтық ұсынысын зерттеу, ұсыныспен сұраныс арасындағы балансты қолдау;
қажеттілікті және сұранысты бағалау;
сауда ассортиментін қалыптастыру, халықтың тауарларға сұранысын қанағаттандыру;

сауда орындарын безендіру, арнайы сауда жабдықтарын орнату;
тауармен сауда технологиялық операцияларын жүзеге асыру: сақтау, өндірістік өңдеу (орау, қаптау); дүкен ішінде орнын ауыстыру, сауда залына орналастыру және қою, тауарларды сату, сауда технологиясын жетілдіру және сатып алушыларға қызмет көрсетуді жақсарту;

белгіленген сақтандыру қоры бар қоймадағы өнімнің толық ассортиментіне мониторинг жүргізу;

тауарларды жеткізу, сақтау және тиеу процестерін оңтайландыру бойынша жеткізушілермен және клиенттермен жұмыс.

Көтерме және бөлшек сауда саласындағы салалық біліктілік шеңберіне қосымша

Көтерме және бөлшек сауда саласындағы салалық біліктілік шеңберінің құрамы

		Кәсіби қызмет саласы: көтерме және бөлшек сауда		
Ұлттық біліктілік шеңберінің деңгейлері	Салалық біліктілік шеңберінің деңгейлері	Қабілетіне қойылатын талаптар	Дағдысына және ептілікке қойылатын талаптар	Біліміне қойылатын талаптар
1	1	Дербестігі: міндеттерді орындау барысындағы дербестіктің өте төмен деңгейі жағдайында тікелей басшылық етумен жасалатын атқарушылық қызметтер. Жауаптылығы: жұмыстардың қарапайым түрлерін орындау, өзінің қауіпсіздігі. Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу	Бір үлгідегі жеңіл практикалық тапсырмаларды орындау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқару дағдыларын көрсету	Еңбек мәні, оны өзгерт процестері және тиіст орындаушылық әрекетте топтамасы, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар, еңбек қоры талаптары туралы базаль білім
2	2	Дербестігі: дербестіктің белгілі дәрежесін болжамдайтын басшылық етумен жасалатын нормаларды іске асыру бойынша атқарушылық қызметтер Жауаптылығы: тауарды саудаға дайындау, тауарларды сақтау шарттарын сақтау, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу, оларды ауыстыру, өз қауіпсіздігі мен басқалардың қауіпсіздігін сақтау. Күрделілігі: бір үлгідегі практикалық, нақты белгіленген стандартты	Жұмыс тәсілін нұсқаулық негізінде таңдау және жеңіл практикалық тапсырмаларды орындау, қарапайым өндірістік жағдайлардағы әрекеттерді өздігінен бақылау және түзету дағдыларын көрсету. Қойылған міндеттерді орындау кезінде өз бетінше оқып-үйрену	Еңбек мәні, оны өзгерт процестері және тиіст орындаушылық әрекетте топтамасы, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар, еңбек қоры талаптары туралы білім

		міндеттерді шешу, нұсқаулық бойынша жұмыс істеу		
3	3	<p>Дербестігі: өз бетінше жоспарлауды көздейтін, басшылық етумен үлгілік жағдайларда іске асыру бойынша атқарушылық қызмет, қойылған міндеттерді орындау кезінде өз бетінше оқып-үйрену.</p> <p>Жауаптылығы: буып-түю материалын алу және дайындау бойынша қойылған міндеттерді орындау, жабдықтың бар болуын және жарамдылығын тексеру, өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау.</p> <p>Күрделілігі: бір үлгідегі практикалық міндеттерді шешу, білім және практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекеттерді таңдай білу</p>	<p>Практикалық стандарттық тапсырмаларды орындау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі билеу және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын көрсету. Қойылған еңбек нормасын, мәнін және құралдарын орындау тәсілдерін өз бетінше белгілеу</p>	<p>Ішкі сауда ережелері сатылған тауарларға мемлекеттік және кәсіпорынның стандарттарын, кәсіпорындардың жұмыс ережелері, тұрғындарды тауарларды сатып алу психологиясы, ұсынылға өнім, іскерлік әдебі, еңбек қорғау талаптары туралы білім</p>
4	4	<p>Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшылық етумен іске асыру бойынша атқарушылық-басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауаптылығы: қойылған міндеттерді шешу, тауарлардың сақталуы, сауда-технологиялық жабдықты дұрыс пайдалануды бақылау, өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау. Тәлімгерлік.</p> <p>Күрделілігі: жұмыс жағдайын өз бетінше талдауды талап ететін әртүрлі үлгідегі практикалық міндеттерді шешу. Ағымдағы қорытынды бақылау, қызметті бағалау және түзету</p>	<p>Жұмыс жағдайын өз бетінше талдауды талап ететін әртүрлі практикалық шешімдерді шешу, бағыныштылардың міндеттерін белгілеу, қызметтерінің нәтижесін бағалау, білім және дағдылардың жетіспеуін анықтау, қызметкерлерді кәсіпқойлығын жоғарылатуға ынталандыру</p>	<p>Ішкі сауда ережелері кәсіпорындардың жұмыс ережелері, сауда саласындағы нормативті-құқықтық актілер, кәсіби талаптарды шешу үшін қойылған амалдар, қағидаттар және тәсілдер, этика және қарым-қатынас психологиясы, мотивация және еңбекті ынталандыру тәсілдері, техникалық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық еңбек қорғау талаптары, менеджмент туралы білім</p>
		Дербестігі: кәсіпорын қызметі стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет.		

5	5	<p>Жауаптылығы: прогрессивті әдістерді енгізу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру, үздіксіз жұмыс, баға саясатын әзірлеу, іске асырылатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігі, жаңа технологиялар мен жабдыктарды әзірлеуге және бұрыннан барын жаңғыртуға қатысу, еңбекті бағалау және жетілдіру, өзінің оқуы және басқаларды оқыту, өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау.</p> <p>Күрделілігі: әр түрлі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін таңдап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу</p>	<p>Жоспарлау дағдысын көрсету, жағдайды талдай алу, өзін-өзі тексере білу, шешім қабылдай білу және оларды іске асыруға жағдай жасау, басқарушылық және орындаушылық кәсіби жоғарылататын командалық жұмыста қызметтерді бақылау және түзету дағдыларын көрсету</p>	<p>Кәсіпорындардың жұмыс ережелері, сауда саласындағы құқықтық актілер, кәсіпқойлық жағдайларды жүйелік талдау және жобалау әдіснамасы, басқарушылық шешімдерді қабылдау тәсілдері, ұжым және ұжымдық құрылымның принциптерін білу, еңбе менеджменті, оны ұйымдастыру туралы білі</p>
6	6	<p>Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды болжамдайтын, кәсіпорын қызметі стратегиясының шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Қызметкерлердің және аралас бөлімшелердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.</p> <p>Бөлімшенің немесе ұйымның деңгейінде жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша жауаптылық.</p> <p>Жауаптылығы: кәсіпорынның жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру, тауарларды іске асырудың мерзімін бақылау, қажетті ассортименттің бар болуын бақылау, сату жоспарын орындауды бақылау, баға саясатын жүзеге асыруды бақылау, қызметкерлерді басқару, қабылдау және кәсіпқойлығын жоғарлату, кәсіби қызметтің дамуы мен нәтижесі.</p> <p>Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерін таңдау мен олардың әртүрлілігін көздейтін міндеттерді шешу жұмыстар мен процестерді әзірлеу, енгізу, бақылау,</p>	<p>Проблемаларды шешу және әлеуметтік пен кәсіби жағдайларда шешім қабылдау, өзін-өзі басқару білуді көрсету, байланысты ұйымдастыру және көзқарастарға келісім жасау, нәтижелерді ресімдеу және таныстыру, қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерді және техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсету</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіпті күрделі жағдайларды бірлесіп талдау, жобала және шешім қабылдау байланысты ұйымдастыр және көзқарастарға келіс жасау, аналитикалық жән жобалық құжаттамалард ресімдеу және таныстыр туралы білім. Кәсіпорынд басқару құрылымы, кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтары мен міндетте және олардың жұмыс іст режимі, экономиканын негіздері, еңбек менеджменті мен</p>

		бағалау (процестерді басқару, шешімдерді талдау, әзірлеу)		басқаруды ұйымдастыру туралы білім
7	7	<p>Дербестігі: сала құрылымдарының жұмыс істеуі мен оларды дамыту стратегиясын жасауды, еңбек жағдайларын ұйымдастыруды болжамдайтын басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауаптылығы: стратегияны анықтау, ірі институционалдық құрылымдар мен олардың бөлімшелері деңгейінде шешім қабылдаумен процестерді және қызметті басқару (оның ішінде инновациялық), жылдық жоспарлау, коммерциялық келіссөздер жүргізу және ынтамақтастық, қойылған мақсаттарға сәйкес кәсіпорынның қажеттілігін айқындау, бөлімшелер қызметкерлерінің саны мен құзыреттерін талдау.</p> <p>Күрделілігі: технологиялық процестерді талдау және оны жетілдіру бойынша шешімдерді талдау және әзірлеу, жаңа тәсілдер әзірлеу, әртүрлі әдістерді (сонымен бірге инновациялық) пайдалану</p>	<p>Мәселелерді алға қоя білу және шешу, өз әрекетін шынайы бағалай білу, инновациялы көзқарасты қолдана отырып, міндеттерді және мәселелерді жүйемен шешу тұжырым және қызмет ету стратегиясын құру тәсілдерін, дағдыларын көрсету</p>	<p>Қызмет ету және әрекетте тұжырымдары, стратегия, функционалдық үлгілер құру әдіснамасы, жоғары даму деңгейіне қол жеткізетін мүмкіндікті қамтамасыз ететін ғылым прогрессивтік тәсілдерді қолдана отырып, мәселелерді алға қоя білу және шешу тәсілдері туралы білімдері</p>
8	8	<p>Дербестігі: мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарының жұмыс істеуі және оларды дамыту стратегиясын құруды болжамдайтын басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауаптылығы: перспективалы жылдық жоспарлау бойынша шешім қабылдау, қызмет процестерін әзірлеу және оның нәтижелерін, коммерциялық келіссөздер жүргізу, қойылған мақсаттарға сәйкес компанияның қажеттілігін айқындау.</p> <p>Күрделілігі: күрделі, әлеуметтік, өндірістік және</p>	<p>Стратегиялық ойлай білу дағдысын, көшбасшылық дағдыларды, логикалық әдістерді, кәсіби қызметтер мен өзара қарым-қатынас үлгілерін құру және ойнату әдістерін қолдана отырып өзара тиімді шешім қабылдау дағдыларын көрсету</p>	<p>Қызметтер мен оларды өзара әрекеттестіктің кооперативтік жүйелерін құру, макроәлеуметтік және макроэкономикалық жүйелерді үлгілеу және басқару әдіснамасы туралы білімдер, кәсіпорынның бөлімшелерін басқару</p>

	ғылыми процестерді дамытуға және тиімділігін арттыруға байланысты әдіснамалық, зерттеулік және жобалық сипаттағы проблемаларды шешу	құрылымын валидацияла және верификациялау
--	---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК